


АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Жазбаша келісімшарттар: түсіндіру
және түзету енгізу





Соттар қолданатын түсіндіру қағидаларының қысқаша мазмұнамасы

Лорд Ньюбергер бұл тақырыптың қысқаша мазмұнамасын Арнольдтың Бриттонға қарсы ісін (2015) қараған кезде былай деп берген: «Жазбаша келісімшартқа түсіндірме бергенде, сот тараптардың ниетін анықтау үшін «сол тараптар келісімшарт жасасқан кезде қолданған сөздерді оқыған қисынды әрі аталған тараптарға белгілі жайттардан хабардар адам сол сөздердің нені білдіретіні туралы қандай пайым жасаушы еді» деген сұрақты басшылыққа алады; бұл лорд Хоффманның *Chartbrook Ltd v. Persimmon Homes Ltd* ісіне (2009) қатысты мәлімдемесінен алынған цитата. Сот тиісті сөздердің құжаттардан, істің нақты мән-жайынан белгілі жағдайдағы және коммерциялық контексттегі мағынасына ерекше көңіл бөледі. ***Сөздердің мағынасын айқындаған кезде мына жайттарды ескеру керек: (i) келісімшарт ережесінің (ескертпенің) әдеттегі мағынасы; (ii) құжаттың басқа да тиісті ережелері; (iii) тиісті ереже мен құжаттың жалпы мақсаты; (iv) құжат жасалған кезде тараптар хабардар болған немесе тұжырымдаған фактілер мен жағдайлар; (v) коммерциялық ақылға қонымдылық, алайда (vi) қандай да бір тараптың ниеті туралы субъективті айғақтар қабылданбайды.***

Жазбаша келісімшарттарға түсіндірме беру әдісін коммерциялық келісімшарт құқығы саласының ең маңызды тақырыбы десе де болады. Таңғаларлығы, түсіндірме беруге қатысты барлық ережелер мен қағидалар тиісті сот прецеденттерінен туындаған. Бұл жайт жазбаша келісімшартқа түсіндірме беру – құқықтық мәселе деген басты принципке негізделген. Мұндай мәселелер апелляциялық инстанцияларда көп қаралады, тиісті істер Жоғарғы соттың қарауына беріліп отырады.

Бұл салада мамандар кезінде лорд Хоффманн айқындап берген қағидаларды басшылыққа алады. Ол бұл қағидаларды *Investors Compensation Scheme* ісін (1998) қараған кезде тұжырымдап, нақтылап берген. Сайып келгенде, соттар қарауға берілген мәтінде жазылғанды объективті түрде, яғни қисынға сай іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс, осы ретте олар тараптар жүргізген келіссөзді немесе одан кейінгі іскерлік байланыстар мен мәмілелерді есепке алмауы керек. Жалпы құқықтың осы бір қағидасына сәйкес, жазбаша келісімшарт жасалғанға дейін орын алған жайттар – тарих еншісіне айналған, мұрағатта қалған деректер, сондықтан олар сотқа беймәлім. Осы орайда, ***жалпы құқықта қабылданған ұстанымға сай, сот ең алдымен тараптар таңдаған сөздерге мән беру керек.***

Алайда әділдік құқығына сүйеніп, мұрағатта жатқан деректерді ашып қарауға болады: әділдік құқығындағы түзету енгізу доктринасы (*equitable doctrine of rectification*) соттарға тараптардың келісімшарт жасасу алдындағы ниеттері мен олар іс жүзінде таңдаған сөздер арасындағы сәйкессіздікті жою мақсатында шарт мәтінін қайта қарап, өзгертулер енгізуге мүмкіндік береді (түзету енгізуге негіз болатын екінші жағдай: бір келісуші тараптың келісімшарт салдарын дұрыс түсінбегені, ал қарсы тараптың осы жайтты біле тұра, жаңылысқан тарапқа келісімшарт жасалмай тұрғанда арам пиғылмен ештеңе айтпағаны анықталғанда, сот келісімшарт мәтініне жаңылысқан тараптың ұстанымына сай тиісті түзетулер енгізе алады).

Бұған қоса, түзету енгізу әдісіне жүгінбеген күннің өзінде, келісімшартты әзірлеу барысында мәтінде қателік кеткені және оны дұрыстау қажет екені айқын болғанда, соттар сөйлемдерді қайта құрастыра алады (бұл ереже сан рет қолданылған, дегенмен бұл даулы ереже, өйткені ол түзету енгізу доктринасына қатты ұқсайды, аталған екі әдістің аражігін ажырату оңай емес). Сондықтан бұл салада келісімшарт құқығының объективтілік қағидасы қатаң қолданылады.

Толықтай «жазбаша жасалған келісімшарттарға» (соның ішінде электрондық құжаттарға) түсініктеме беру құқықтық нормаларға сай іске асырылады, ал толықтай жазбаша жасалмаған (ауызша немесе жартылай жазбаша, жартылай ауызша жасалған) келісімшарттарға түсініктеме беру үшін істің нақты мән-жайы ескеріледі. Апелляциялық соттар бірінші инстанцияда жіберілген құқықтық олқылықтарды қайта қарауға өкілетті болғанымен, әдетте, іске қатысты анықталған фактілерді басшылыққа алады.

Сотқа қосарланған мәлімдемелер жасау (ұсынымдар беру). Соттың (іске қатысушы тараптардың өз ұстанымын ақтау үшін қажет-қажет емес барлық деректер ұсынатынын ескере отырып) істі қарау барысында түсіндірме беру, түзету енгізу, түспалды талаптар, жанама кепілдіктер, қателік табу қағидалары сияқты алуан түрлі доктриналарға жүгінуді – қалыпты жағдай (мысалы, корольдік адвокат, судья Ричард Сеймур *Wimpole Theatre (a firm) v. JJ Goodman Ltd* ісін (2012) қараған кезде бір-бірімен байланысты көптеген доктриналардың қысқаша мазмұнамасын берген).

Мәтінге адал болу, объективтілік және коммерциялық қисындылық

Арнайы юрисдикция соты жазбаша келісімшартқа объективті түрде, қалыптасқан нақты жағдайды



ескеріп, адал ниетпен түсіндірме беруге міндетті, яғни сот: (а) шарт мәтінін заңсыз түрде қайта жазбауға; (b) қандай да бір тараптың субъективті ниетпен жасаған мәлімдемелеріне сілтеме жасамауға; (с) коммерциялық және практикалық қисындылық қағидасын ескеруге тиіс.

Мәтінге адал болу. Арнайы юрисдикция соттарының заңды міндеті – келісуші тараптар таңдаған сөздерді (келісімшарт мәтінін) құрметтеу. Бұл қағида осы ережелерде кеңінен көрініс тапқан. Кез-келген өркениетті әрі коммерциялық байланыстарды дамытуға қолайлы құқықтық жүйеде осы міндет бұлжытпай орындалуы тиіс. Мәтінге адалдық қағидасы сақталмаса, соттарда немесе арбитраждық соттарда азаматтық өндірісті әділ және болжамды түрде жүргізу мүмкін емес.

Сондықтан «келісімшарт еркіндігі» қағидасы былай тұжырымдалады: «Арнайы юрисдикция соттары тараптар жасасқан келісімді құрметтеуі тиіс; олардың аталған тараптардың айқын келісімінсіз келісім мәтінін қайта жазуына жол берілмейді».

Осы ретте «Шарттың міндетті күші» (Pacta Sunt Servanda) қағидасы бойынша: «Арнайы юрисдикция соты келісімшарттарды орындау барысында кедергілердің немесе қиындықтардың пайда болуына байланысты оларға өзгертулер енгізе алмайды. Арнайы юрисдикция соты толық құқық қабілеттілігіне ие келісуші тараптар ерікті түрде жасасқан келісімшарт ережелерін құрметтеуі тиіс».

Объективтілік. Жазбаша келісімшарттарға түсіндірме беру кезінде тараптардың субъективті ниетпен жасаған мәлімдемелеріне сілтеме жасауға болмайды. Осы салада ағылшын құқығында объективтілік ұстанымы басшылыққа алынады; ағылшын құқығының басқа юрисдикцияларда қабылданған ұстанымдардан ерекшелігі де осында: ол юрисдикцияларда келісуші тараптардың болжалды емес, нақты, шынайы ниеттерін анықтау қойылады.

Коммерциялық немесе практикалық қисындылық. Мысалы, Rainy Sky ісін (2011) қараған лорд Кларктың мәлімдемесіне сай:

«Менің пайымдауымша, сөздерді таза мағынасында қолдану салдарынан мүлде күтпеген нәтиже шығатын және оның әдейі жасалмағаны туралы тұжырым шығаруға болатын жағдайды қоспағанда, сот осы аталған мағынаны құптауы тиіс деген қорытынды шығару қажет емес... Екі баламалы түсіндірме болған жағдайда, сот іскерлік қисындылық қағидасына сай баламаны таңдап, басқасын қабылдамай тастауға құқылы».

Сондықтан соттар осындай ұстанымды ақылға қонбайтын немесе мүлде қисынсыз растау құжаттары ұсынылмай тұрғанда-ақ қолдануы мүмкін. Іскерлік қисындылық қағидасын ескеру қажеттігін құптайтын басқа да көптеген мәлімдемелер бар. Мысалы, Antaios Cia Naviera SA v. Salen Rederierna AB ісін (1985) қараған лорд Диплок былай деген: «Коммерциялық келісімшарттағы сөздерге мұқият семантикалық және синтаксистік талдау жасау нәтижесінде іскерлік қисындылық қағидаларына нұқсан келетін болса, іскерлік қисындылықты сақтауға басымдық беру керек».

Толық мәтін

Қандай да бір келісімшарттағы (немесе келісімшартқа сай бір-бірімен байланысқан бірнеше құжаттағы) кез келген сөзге, сөз тіркесіне, ережеге немесе құжаттың бір үзіндісіне түсіндірме бергенде, құжат мәтінін толықтай қарастыру қажет.

Келіссөздерге қатысты айғақтар қабылданбайды.

Жазбаша келісімшарттарға түсіндірме беруді өтінген тарап қарсы тараптың рұқсатынсыз қос тарап арасында болған келіссөздерге қатысты айғақтарды ұсына алмайды. Бұл шектеу төмендегі жағдайларда қолданылмайды:

- әділдік құқығына сай түзетулер енгізу туралы өтініш берілгенде;
- келісімге сай эстоппель негізінде тараптардың өзара іскерлік ықпалдастық барысында түсіністікке қол жеткізгені анық болғанда; немесе
- келісуші тараптар (немесе олар мүше болған топ не бірлестік) тиісті сөзді не сөз тіркесін әдеттегі мағынасында қолданғанда.

Бұрыннан қолданылып келе жатқан ережеге сай, жазбаша (ауызша немесе жартылай жазбаша, жартылай ауызша жасалған) келісімшарттарға түсіндірме беруді өтінген тарап қарсы тараптың рұқсатынсыз қос тарап арасында болған келіссөздерге қатысты айғақтарды ұсына алмайды.

Осындай шектеу қоюға мынадай жайттар себеп болуы мүмкін: (а) «белгісіздікке және болжап болмайтын» жағдайға жол бермеу үшін; (b) мүдделі үшінші тараптар келіссөздерге қатысты деректерге қол



жеткізе алмауы мүмкін; (с) мұндай деректердің негізінде жасалатын қорытындылар құбылмалы болады, сондықтан олардың пайдасы шамалы; (d) мұндай шектеу істі біржақты қарап, объективтілік қағидасына нұқсан келтіруді болдырмау үшін қойылады; (е) «тәжірибесі мол әрі өте білікті келіссөз жүргізушілер өздеріне қолайлы құжаттар жиынтығын дайындап қоюға мүдделі болуы мүмкін».

Басқа құқықтық жүйелермен салыстырып қарасақ, ағылшын соттарының келісімшарт жасалғанға дейінгі келіссөздерге қатысты деректерді қабылдамауы оғаш көрінеді. Ағылшын соттары қабылдаған ұстанымның орынды-орынсыз болуы тиімділік, айқындылық пен болжамдылық мәселелерімен байланысты. Шетел заңгерлерінің көбі ағылшын соттарының аталған ұстанымын нанымды деп таппайды. Анығы, бұл мәселеде ағылшын құқығының доктриналарында біріділік сақталмай келеді: себебі дауласушы тараптар соттың келісімшарт жасалғанға дейінгі келіссөздерге қатысты айғақтарды қабылдауына жол ашу үшін келісімшартқа мезгіл-мезгіл түзету енгізуді талап етіп отырады.

Келісімшарт жасалғаннан кейінгі іс-әрекеттер

Жазбаша келісімшартқа түсіндірме бергенде келісуші тараптардың келісімшарт жасасқаннан кейінгі іс-әрекеттеріне сілтеме жасауға болмайды. Бұл қағида мынадай айғақтар болғанда қолданылмайды: (а) тараптар келісімге өзгертулер енгізуге немесе одан бас тартуға арнайы уағдаласқан жағдайда; немесе (b) осы аталған жайтқа байланысты келісімге сай эстоппель доктринасын қолдануға болатын жағдайда, яғни тараптардың өзара ықпалдастығынан олардың осындай мәмілеге келгенін растайтын айғақтар анықталғанда.

Фактілер матрицасы (келісімшартқа негіз болған жайттар)

Тараптар келісімшарт мәтінін айқындай түсу үшін өздері жасасқан мәмілеге негіз болған жайттар жөнінде айғақтар келтіре алады. Алайда аталған айғақтар жарамды болу үшін тараптар оларды келісімшарт жасасқан кезде білген болуы тиіс. Тараптардың шамадан тыс көп айғақтар келтіруіне жол беруге болмайды.

Арнайы юрисдикция соты келісімшартқа түсіндірме бергенде сөздерге «сөздікте көрсетілген тар мағынада» ғана қарау ұстанымын емес, оларды контекстке сай түсіну ұстанымын қолданады: мысалы, лорд Хоффманның *Investors' Compensation Scheme Ltd v. West Bromwich Building Society* ісіне (1998) қатысты жасаған іргелі мәлімдемесін қараңыз. Соттар дауласушы тараптарға келісімшарт жасасуға негіз болған жайттарға (басқаша айтқанда, «мәміленің коммерциялық мақсатына», «оның шығу тегіне», «контекстке» немесе оның тиісті нарықтағы орнына) сілтеме жасауға рұқсат береді. Алайда «негіз болған жайттарға» келісімшарт жасалғанға дейінгі кезеңдегі келіссөздердің жатпайтынын ерекше атап өту керек.

Осы ретте соттар контекстке сүйену керек екенін үнемі есте сақтауы тиіс: «Осы уақытқа дейін әлі ешкім «контексті жоқ» мәлімдеме жасаған емес. Айтылған кез келген сөздің, тіпті мардымсыз көрінген сөздің белгілі бір контексті болады». Сондықтан «соттар сөздердің өзін ғана бөліп жарып қарауға ешқашан жол бермейді».

Бастапқы болжамдар (ой-тұжырымдар)

Арнайы юрисдикция соты келісімшарт мәтініне түсіндірме бергенде, сол мәтінді тиісті жағдайлардың өзгергенін, сондай-ақ аталған құжатта белгіленген объективті мақсаттар мен құндылықтарды ескере отырып бағалауға тиіс (яғни, келісімшарттың бастапқыдағы болжамдары, мақсаттары мен құндылықтары).

Бұл жағдайға мысал ретінде келесіні алсақ болады: лорд-судья Мэнс *Debenhams Retail plc* компаниясының *Sun Alliance and London Assurance Co Ltd* компаниясына қарсы ісіне (2005) қатысты мәлімдемесінде соттар «мәтінде көрсетілген немесе тұспалданған мақсаттар мен құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуге, мәтінге түсіндірме бергенде...оны тиісті жағдайлардың өзгергенін, сондай-ақ аталған мақсаттар мен құндылықтарды ескере отырып бағалауға тиіс» деген.

Дегенмен, тараптар келісімге келген кезде жағдайдың күрт өзгеретінін болжап біле алмағаны анық болғанда, сот келісімшарттың бастапқыдағы мәтінін жаңа жайттарға қатысты қолданбайды. Ол дегеніміз жаңа және күтпеген жағдайлардың орын алуы. Мысалы, Жоғарғы соттың *Lloyds TSB Foundation for Scotland v. Lloyds Group plc* ісі (2013) бойынша шығарған шешімінде айтылғандай, құжат мәтініне түсіндірме беру барысында тараптар бастапқыда келісім жасасқан кезде жағдайдың күрт өзгеретінін болжап біле алмағанын ескермеу – ағаттық. Сол істі қараған лорд Мэнс «2009 жылға дейінгі кезеңде



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Жазбаша келісімшарттар: түсіндіру және түзету енгізу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

құқықтық жағдай мен бухгалтерлік есеп тәртібі мүлде өзгеше» болғанын атап өткен.

Соттың шартқа түсіндірме беру өкілеттіктерін асыра пайдалануына жол берілмейді

«Түзету енгізу мақсатында мәтінді қайта құрастыру» (corrective construction) – түзету енгізу (rectification) мен келісімшарт еркіндігі қағидасы.

Арнайы юрисдикция соты тараптар келіскен шарт мәтінінде жазылғанды іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан сот мағынасы айқын әрі іскерлік қисындылық қағидасына қайшы келмейтін келісімшарт мәтініне заңсыз өзгертулер енгізуден, мәтінді қайта жазудан немесе келісімшартта жазылғанды елемей тастаудан аулақ болуы керек.

Ағылшын келісімшарт құқығының негізгі қағидасы – соттар екі тарап жасасқан келісімшарт талаптарын (ережелерін) құрметтеуі тиіс. Мысалы, лорд Рэдклифф Бридждің Campbell Discount Co Ltd компаниясына қарсы ісіне (1962) қатысты мәлімдемесінде ағылшын судьясының «адамдар жасасқан мәмілелерді реттеп беруші қызметін атқаруға» өкілеттігі жоқ екенін атап өткен.

Осы ретте Charter Reinsurance Co Ltd компаниясының Фағанға қарсы ісін (1997) қараған лорд Мастилл «сөздерге объективті мағынасынан басқа мағынаны мәжбүрлеп таңу» – заңсыз, өйткені бұл «жасалған нақты мәмілені басқа бір мәмілемен – соттың «сол басқа мәміле жасалғанда жақсы болар еді» дейтіндей мәмілемен алмастыруға барабар» болатынын ескерткен.

Мәтінде кеткен қателер және оларды түзету үшін мәтінді қайта құрастыру

Сот құжат жобасын әзірлеу барысында жаңылыс жазылған, қате басылған жерлерді түзету үшін мәтінді қайта құрастыра алады. Алайда бұған мынадай жағдайларда ғана рұқсат: (a) мәтінде қате кеткені айқын болғанда; (b) тараптардың шын мәнінде нені меңзегенін нақтылау үшін мәтінді қалай өзгерту қажеттігі айқын болғанда.

Мәтінге түзету енгізудің осындай оңтайлы жолы бар. Бірақ оны шамадан тыс қолдануға болмайды. Осы ретте сот асқан сақтық танытып, келісімшарт еркіндігі мен *роста sunt servanda* ережелерінің бұзылуын болдырмауы тиіс. Оның тараптар жасасқан нақты мәмілені (немесе оның бір бөлігін) өз ұйғарымына сай әлдеқайда жақсы деп тапқан ұстаныммен не талаптар (ережелер) жиынтығымен алмастыруына жол берілмейді.

Мысалы, *East v. Pantiles* ісін (1981) қараған судья Брайтман өзі «қателерді түзету үшін мәтінді қайта құрастыру» деп атаған әдісті мынадай жағдайда қолдануға болатынын айтқан: «...Біріншіден, құжатқа бір қарағанда онда қате кеткені анық болуы тиіс; екіншіден, осы қатені дұрыстау үшін мәтінге қандай түзетулер енгізу керек екені айқын болуы керек. Осы шарттар орындалған жағдайда қателерді түзету үшін мәтінді қайта құрастыруға болады».

Түзету енгізу

Түзету енгізу (rectification) – соттың әділдік құқығына сай жазбаша келісімшарттар мен «құжаттарға» қатысты қолданатын құқықтық қорғау құралы. Түзету енгізу туралы арыз беретін тараптар, әсіресе қос тарап та кәсіби кеңес алғанда, дәлелдеудің жоғары стандарттарына сай болуы тиіс. Сот түзету енгізу туралы талап арыздарды қараған кезде сырттай айғақтарды, яғни жазбаша келісім мәтінінен тыс айғақтарды не растау құжаттарын да қабылдауы мүмкін. Түзету енгізудің төмендегідей түрлері болуы мүмкін:

(i) Ортақ ниетке сай түзету енгізу. Тараптар жасасқан келісімнің соңғы мәтіні олар келісім жасасқанға дейін объективті түрде келіскен әрі болашақ келісімнің ең соңғы нұсқасы болады деп ниет білдірген мәтінге сәйкес емес екені анықталған жағдайда, арнайы юрисдикция соты құжатқа түзетулер енгізе алады. Қажетті элементтер мынадай: (a) келісімшарт жасасу кезінде тараптардың ниеті ортақ болуы керек; (b) аталған ортақ ниеттің болғанын және оның мазмұнын объективті түрде анықтау қажет; (c) келісімшарт жасалған кезде ортақ ниет сақталған болуы керек; және (d) қателік салдарынан жазбаша жасалған келісімшартта аталған ортақ ниет дұрыс әрі толыққанды көрініс таппаған болу керек.

(ii) Біржақты қатені түзету. Түзету енгізудің осы бір баламалы түрі келісуші тарап қарсы тарапқа екеуі жасасатын мәміленің жазбаша талаптары аталған қарсы тарапта жазбаша келісім мазмұнына қатысты қалыптасқан қате түсінікке сәйкес келмейтінін айтпай, айыпты болған кезде қолданылады.

(iii) Тиісті құқықтарға адал түрде және ыңғайласпа қанағаттандыру жасау арқылы ие болған үшінші тарапқа нұқсан келетін жағдайда, (i) немесе (ii) тармаққа сай түзету енгізілмейді.

(iv) Түзетілген құжат жасалған кезден, яғни бастапқыда күшіне енген кезден бері жарамды болып саналады.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы
Дәріс: Жазбаша келісімшарттар: түсіндіру және түзету енгізу
Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Түзету енгізуге заңда қарастырылған мерзім өтіп кеткенде (laches), шартқа үнсіз келісім бергенде (acquiescence) немесе ол қол, мөр қойылып бекітілген кезде (affirmation) жол берілмейді. Құжат жобасын әзірлеу кезінде жіберілген қате құқықтық қатеден туындаған жағдайларда, аталған құжат мәтініне түзету енгізуге рұқсат.

Қолданылған әдебиеттер:

1. R Calnan, Principles of Contractual Interpretation (Oxford, 2014); K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), chapter 1; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), chapters 1 and 2
2. K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 2-03 ff (objectivity); 2-07 ff (business common sense); G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), chapter 3 (objectivity); 1.70 to 1.72f and 1.158 (business common sense)
3. K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 7-02, 7-03; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 4-01 ff
4. Proposition (i): K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 1-05, 3-09; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 5.60 ff; Lord Neuberger, 'The impact of pre-and post-contractual conduct on contractual interpretation' (Banking Services and Finance Law Association Conference, Queenstown, 2014) (<<https://www.supremecourt.uk/docs/speech-140811.pdf>>)
5. Proposition (ii): K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 3-09(c), 5-09; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 5.98 ff
6. K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 3-19; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 5.134 ff (and 5.187 ff); Lord Neuberger, 'The impact of pre-and post-contractual conduct on contractual interpretation' (Banking Services and Finance Law Association Conference, Queenstown, 2014) (<<https://www.supremecourt.uk/docs/speech-140811.pdf>>)
7. K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 3-17, 3-18; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 5.40 ff
8. N Andrews, Contract Law (2nd edn, Cambridge, 2015), 14.10
9. K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 2-07(d), 2-08
10. K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), chapter 9; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), chapter 17
11. D Hodge, Rectification: The Modern Law and Practice Governing Claims of Rectification (2nd edn, London, 2015); G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), chapter 17; JD Heydon, MJ Leeming, PG Turner (eds), Meagher, Gummow and Lehane's Equity: Doctrines and Remedies (5th edn, Sydney, 2014), Part 5(9)